



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилнк, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
12.02.2021 № 1 _____ ге

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 12 ақпандағы
қаулысы**

**Сыртқы (көрнекі) жарнаманы
үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте,
Нұр-Сұлтан қаласы аумағында
жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль
жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс),
орналастыру қағидаларын
іске асыру барысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте, Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс) орналастыру қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) іске асыру барысы туралы» ақпаратты тыңдап және талқылап, жергілікті атқарушы органдардың аталған Қағидаларды іске асыру бойынша белгілі бір жұмыстарды жүргізіп отырғанын атап көрсетеді.

Қалалық мәслихаттың 2020 жылғы 26 тамыздағы № 527/71-VI шешімімен бекітілген «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте, Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс) орналастыру Қағидаларын іске асыру» шеңберінде атқарушы органдар хабарламай орнатылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін және ғимараттардың (құрылыстардың) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, үйлерге (ғимараттарға) өзге де заттық құқықтары бар адамдардың келісімінсіз орнатылған, Сейфуллин көшесі, Кравцов көшесі, Момышұлы даңғылы, Бейбітшілік көшесі, Сарайшық көшесі, Мәңгілік Ел даңғылы, Алаш тасжолымекенжайлары бойынша сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізіп, хабарламасыз орнатылған 725-ке жуық

000128

сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері анықталды. Анықтау кезінде жарнама таратушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, бірлескен күш-жігермен 302 жарнама объектісі алып тасталды. Салық органына 1 361 776 теңге сомасында мәліметтер жолданды.

Сондай-ақ, тиісті шаралар қабылдау үшін хабарландырусыз орналастырылған 80 анықталған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері бойынша ақпарат «Нұр - Сұлтан қаласының қалалық орта сапасын бақылау басқармасы» ММ-ге (бұдан әрі - Қалалық орта сапасын бақылау басқармасы) жіберілді.

2020 жыл ішінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің атына 553 408 563 теңге сомасында төлемақы төлеушілер, төлемақы сомасы, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтер жолданды.

Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс), сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте орналастыру туралы 1180 хабарлама есепке алынды.

Елорданың аудандық әкімдіктері дербес түрде заңсыз жарнаманың алдын алу және жою бойынша 130-дан астам көшпелі іс-шара өткізді, іс-шаралар қорытындысы бойынша 1150-ден астам жарнамалық нысан бөлшектеліп, алып тасталды.

«Нұр-Сұлтан қаласының тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ (бұдан әрі - Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы) кәсіпкерлердің жазбаша өтініші бойынша жарнама мәтіндері мен маңдайша жазуларының мазмұны мен дұрыс жазылуына тексеру жүргізеді. Тұрақты негізде кәсіпкерлік субъектілеріне жарнама мәтіндерін жазу және маңдайша жазуларды орналастыру бөлігінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі және әдістемелік көмек көрсетіледі, елорда көшелері бойынша мониторинг жүзеге асырылады. Жергілікті «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды.

2020 жылы акция шеңберінде елорданың 65 көшесі бойынша көшпелі рейдтер жүзеге асырылып, онда 2000 объект қамтылды, бұзушылықтар мен ескертулер анықталған 500 субъектіге жадынамалар табыс етілді және олармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әдетте, анықталған ескертулер 5-10 күн ішінде жойылады. Тіл туралы заңнаманың бұзылуына қатысты «Facebook» әлеуметтік желілерінде таратылатын және Астана әкімдігінің «I-komek 109» қызметіне жолданатын шағымдар да назардан тыс қалмайды. 2020 жылы небары 45 өтініш келіп түсті. Барлық өтініштер бойынша тиісті шаралар қабылданды.

«Советы предпринимателю» - «Кәсіпкерлерге кеңес» ақпараттық күндері аясында орталық базардың, ірі сауда орталықтарының («Астаналық», «Әлем», «Әсем», «Көк базар», «Сарыарқа», «Шапағат») кәсіпкерлерімен тіл

туралы заңнама нормаларының талаптарын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы проблемалық мәселелердің бар екенін атап өтеді.

Қала тұрғындары тарапынан мобильді автономды жарнама қондырғылары қолайсыздық тудырып, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіреді деген шағымдар келіп түсуде, ауа райы нашарлаған кезде қондырғылардың қала тұрақтарындағы автокөлік құралдарына құлау фактілері тіркелген. Бұл ретте, жарнаманы тіркемелерде (ұтқыр дербес жарнама қондырғылары) орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру туралы хабарламаларды жібермей және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы алмай жүзеге асырылады.

Мұндай проблемалар аэродинамикалық үрленетін фигураларды орналастыру кезінде пайда болады. Бұл қондырғылар әуе зеңбіректерінің ағынына байланысты жұмыс істейді, оларды қосу үшін кәсіпкерлер жер үсті немесе әуе арқылы кабельді рұқсатсыз жүргізеді, өз кезегінде бұл қауіпсіздіктің бұзылуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, мұндай фигураларды орнату жер заңнамасын бұза отырып, жер телімін басып алу немесе оның мақсатты пайдалану тәртібін бұзу арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, фигуралар түнгі уақытта автокөлік жүргізушілерін алаңдатады және жол белгілерін көрсетпей тастайды.

Дыбыстық хабар таратумен сүйемелденетін сыртқы жарнаманың орналастырылуын бақылау бойынша жұмыстың әлсіз деңгейі байқалады. Сыртқы жарнама нысандарына жақын орналасқан үйлердің тұрғындарынан көптеген шағымдар келіп түсуде.

Қалалық орта сапасын бақылау басқармасында қандай да бір объектілерге мониторинг жүргізу функциялары жоқ және тәртіп бұзушыларға барлық шаралар (айыппұлдар, ұйғарымдар) тексеру шеңберінде ғана қолданылады, алайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мораторийдің енгізілуіне байланысты шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тексерулер тоқтатылды.

Қазіргі кезденұсқама мен айыппұл санкцияларының бірыңғай нысаны жоқ. Бөлшектеуді өз бетінше жүзеге асыру туралы нұсқаманы орындамау жағдайлары бар, мәжбүрлеп бөлшектеу жұмысын жүргізген кезде иесі жарнамалық құрылымды бұрынғы орнында қалпына келтіреді.

Қағидада өз бетінше орналастырылатын жарнамалық және басқа да хабарландыруларды, барлық нысандардағы жазулар мен бейнелерді (үйлер мен ғимараттардың қасбеттерін, дүкендерді, байланыс желілерінің тіректерін және сыртқы жарықтандыруды және т.б.) жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру қала аудандары әкімдерінің аппараттарына жүктеледі, бірақ көрсетілген мақсаттарға арналған бюджеттік бағдарлама жоқ.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманың мәтіндерін орналастыруда кемшіліктер бар: ақпарат тек бір тілде орналастырылады, мәтіндердің аудармасында стилистикалық және грамматикалық қателерге жол беріледі, көрнекі ақпарат мәтіндерін орналастыру тәртібі сақталмайды.

2018 жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізіліп, 25-бабының «кәсіпкерлік субъектілерінің деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады» деген 2-тармағы алынып тасталуы салдарынан Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасында шет тілдердегі маңдайшаларды орналастыру бөлігінде оларды өзгерту бойынша өкілеттіктер жоқ. Нәтижесінде көрнекі жарнаманың едәуір бөлігі қадағалаусыз қалады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте, Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс) орналастыру Қағидаларын іске асыру барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың тыс ашық кеңістікте, Нұр-Сұлтан қаласы аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуден тыс) орналастыру Қағидаларын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

сыртқы жарнама мәселелерін шешудің бірыңғай тетігін әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне жіберу үшін заңнамаға көлік құралдарында, шет тілдерде, ұтқыр дербес жарнама қондырғыларында жарнама орналастыру туралы және сыртқы жарнаманы хабарлама жібермей орналастырғаны үшін айыппұл енгізу туралы өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаментімен, Нұр-Сұлтан қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті дыбыспен сүйемелденетін жарнаманың және аэродинамикалық үрлемелі фигуралардың орналастырылуын бақылау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат, сондай-ақ кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар берсін;

Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының бұзылуын жою туралы нұсқаманың бірыңғай нысанын әзірлеу, сондай-ақ тиісті хабарлама жібермей-ақ жарнаманы орналастырудың алдын алу шараларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

бейнебақылау камералары мен басқа да технологияларды пайдалануды қоса алғанда, тиісті хабарлама жіберілмей орналастырылған жарнаманы анықтау жүйесін әзірлеу;

өз бетінше орналастырылатын жарнаманы бөлшектеу жөніндегі бюджеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу;

жарнаманы бөлшектегені үшін, сондай-ақ уәкілетті органның нұсқамаларын орындамағаны үшін қаражатты өтеу туралы талап-арыздарды қараудың саны мен нәтижелері туралы ақпарат беру;

қалалық әкімдік өткізетін іс-шаралар афишаларын жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға бақылауды күшейту;

Қағидаға жергілікті атқарушы органдар арасында өкілеттіктерді бөлу бөлігінде өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені қарау;

жарнаманы орналастыру туралы хабарламаларды жіберу міндеттілігі бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту;


заңсыз орналастырылған жарнама санын азайту мақсатында меморандумдар жасасу, бірлескен іс-шаралар өткізу, ақпарат алмасу жолымен кәсіпкерлер бірлестіктерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу;

салық органына жіберілген хабарламаларды қарау нәтижелеріне жарнама орналастырғаны үшін төлем өндіріп алу мәніне талдау жүргізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология мәселелері бойынша,
көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы мәселелері бойынша
тұрақты комиссияның төрағасы**



Б. Котырев